Қарағанды облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы
Кавкитаев А.К. мырзаға

Шағым

2018 жылдың 01 ақпанында «Қарағанды қалалық білім бөлімі» ММ, ашық конкурс тәсілімен №2182160-1 мемлекеттік сатып алу конкурсын жариялады. Хабарландырудың атауы - «Қыз балаларға арналған еңбек кабинеті». Тапсырыс берушінің бұйрығына сәйкес біз **№ 16789723-ОК1, № 16356725-ОК1, № 16315507ОК1, № 16304360-ОК-1, № 16263326-ОК1** лоттарына қатыстық. 2018 жылдың ... наурызы күні осы конкурстардың қорытындысы бойынша хаттама жарияланып, «Базисный магазин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жеңімпаз деп танылғаны белгілі болды.

Конкурстың қорытындысы бойынша конкурстық комиссия хаттамада тапсырыс берушіге біз ұсынған техникалық ерекшеліктердің қателерін тізіп көрсетіпті. Онда былай делінген:

«1. Қабырғаға ілінетін аудиториялық Тақтаның көлемі дұрыс көрсетілмеген, онда **1000х1500** дегеннің орнына **000х1500** болып көрсетіліп кетіпті. «Артық емес», «кем емес», «дейін» дейтін нақты мәліметтер қалып кеткен.

2. Кестенің (таблицаның) нақты атауы жоқ. Құрал-жабдықтардың нақты сипатитамасы мен нақты көлемі көрсетілмеуіне байланысты сәйкестіктерді тексеру мүмкін болмады».

Алайда, біз конкурстық комиссияның бұл ескертулерімен келіспейміз.

1. 1-пункт бойынша өз ұсынысымызда тапсырыс берушінің талаптарында көрсетілгендей нақты мәліметтерді көрсетіп, құжаттар ұсындық. Онда тақтаның негізгі керек жалпы сыртқы өлшемін және сипаттамасын толық көрсеткенбіз.Техникалық тұрғыда жазылмай қалып кеткен қате негіз болып табылмайды.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27-бабы 4-тармағына сәйкес, «**Конкурстық комиссия** біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай **әлеуетті өнім берушілерге** конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап **уш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді**». Осы заңға сүйенсек, конкурстық комиссия конкурстық құжаттардағы қателіктерді қалай ескермеген және қалай қабылдаған, кеткен техникалық қателіктерді талапқа сәйкес келтіруге неге мүмкіндік бермеген? Сондықтан техникалық қатеге байланысты «1» саны бізді конкурстан өткізбей қоюға негізгі себеп болды дегенге келіспейміз.

Мәселен, бізге бәсекелес **ТОО «BEGINI»** 1-кезеңде тұрмыстық техника сипаттамалары дұрыс көрсетілмеген деген сылтаумен конкурстан құлатылған. Екінші кезеңде бұл компанияны басқа себептермен конкурстан өтпеуіне басқа себептерді сылтау еткен. Ал, ол «қателерді» 1-кезеңде мүлде ескертпеген.

2. Конкурстық комиссия 2-пунктте техника қауіпсіздігі жайлы Кестенің (таблицаның) нақты атауы көрсетілмегенін атап көрсеткен. Алайда, тапсырыс беруші ұсынған техникалық ерекшеліктер құжатында Кесте (таблица) атауы нақты көрсетілгендіктен, оның атауын қайта-қайта көрсетуді қажет деп таппадық. Бұл да бізді конкурстан өткізбей қоюға негізгі себеп болды дегенге келіспейміз.

Ал, 2018 жылдың 01 ақпанында «Қарағанды қалалық білім бөлімі» ММ **№2182160-1 «Қыз балаларға арналған еңбек кабинеті»** конкурсында жеңімпаз деп танылған **ТОО «Базисный магазин»** компаниясының мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда жарияланған осындай лоттарды бұған дейін бір көзден алу тәсілімен алып келгені белгілі болды. Бұл жерде, біздіңше, ҚР «Сыбайлас жемқорлық туралы» Заңына қайшы әрекеттер байқалып тұрған сияқты. Сондықтан **ТОО «Базисный магазин»** компаниясынан өзге конкурсқа қатысушылардың конкурстық комиссия көрсеткен ескертулерінің қаншалықты заңды-заңсыз екенін анықтау үшін **сарапшы тағайындалса** деген өтінішіміз бар.

Сонымен қатар, ТОО «Базисный магазин» компаниясының осы конкурста бағаны тапсырыс беруші ұсынған сомадан сәл ғана түсіріп қоюы да оның әу баста осы конкурсты ұтатынына сенімді болғанын көрсетпей ме деген күмәніміз бар.

Осыған байланысты біз Тапсырыс беруші – Мемлекеттік сатып алу конкурсын ұйымдастырушы тарапынан жасалған ескертулерді заңсыз деп қабылдаймыз.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып **№ 16789723-ОК1, № 16356725-ОК1, № 16315507ОК1, № 16304360-ОК-1, № 16263326-ОК1** конкурстарын заңсыз деп тануды және Ұйымдастырушылар тарапынан заңбұзушылықты жою үшін тиісті шаралар қолданылуын сұранамыз.

Директор ТОО «Great Man» **Усентаев Н.У.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚО ТҰЛКІБАС АУДАНЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ "Great Man" ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ ТЮЛЬКУБАССКИЙ РАЙОН РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ЮКО